

Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

«Ақмола облысы білім басқарамасының Аршалы кентінің
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің
мектеп кітапханасында 2021 -2022 оқу жылында
өткізілген іс-шара есебі.

Кітапханашы:

Алимсейіт А.К

Кітапханашы:

Сатбаева Г.Я

	Мектеп	2021-2022 оқу жылында алынға оқулықтар			
		Оқулықтар саны	Оқулық тар суммасы	Көркемэд ебиеттер саны	Көр.әдеб суммасы
1	И.Құтпанұлы атындағы орта мектеп» КММ	2903	5660080 тг	20	45554тг

Бильзы оқу жылында екінші басылым 1-сынып және қосымша берілген 2-11-сынып оқулықтарына жаңарып келді 9751 санды, бүкіл сынып оқушылары толығымен жаңартылған оқулықтармен қамтылды. 1-сыныпқа 152-санды, 10 комплектіден тұратын жаңартылып басылған оқулықтар алынып, есеп журналдарына оқулық картотекаларына тіркеліп базаға кіргізіліп, сұрыпталып, оқушыларға толық қамтамасыз етіліп таратылды.

Мәдени- көпшілік жұмыстар:

Қазіргі таңда мектеп кітапханасы жылдық жоспарға сәйкес оқырмандармен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тәрбие шаралары өткізілді.

Кітапханалық сабақтар жүргізу – оқу үрдісінің талаптарын орындатудан шыққан өмір талабы. Ондағы мақсат - оқушыларды кітапханада өз бетінше көлемді туындылармен, сан алуан ақпараттармен жұмыс жасай алуға үйрету. Әр оқушы қосымша әдебиеттерді дұрыс таңдай алуға, сол бойынша ауызша, жазбаша қарарлар, пікір, рецензия, аннотация жасау білуіне ықпал жасау – жалпы айтқанда, оқушылардың кітаппен жұмыс жасау қабілетін, ой еңбегінің мәдениетін арттыру.

Басты мақсат – қырқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Сол тұлғаны тәрбиелеу мен білім берудегі, дамытудағы басты құрал – кітаппен жұмыс істей білуге үйрету. Білімнің қайнар бұлағы, тұлғаның рухани қазынасының қайнар бұлағы – кітап. Бәрімізге аян, оқушыны кітаппен дұрыс жұмыс жасай білудің тиімді әдіс-тәсілдерімен қаруландыра алмай, оқушыны саналы оқыта алмайсың. Себебі білім мен білік дағдылары тек кітап арқылы дариды. Алайда, кітаппен дұрыс жұмыс істей алғанда ғана оқушының дамуына жол ашылады. Оқи білгенде, анығырақ айтсақ, түсініп, саналы түрде оқи білгенде ғана, тәрбие, ақыл - ойдың дамуы дұрыс жүзеге асады.



Мемлекет басшымыз К.Тоқаевтың «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі» атты мақаласындағы ұсынылған көркем әдебиеттерді басшылыққа ала отырып, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде оқырман оқушылармен қазан айынан бастап «Кітап оқуды ұнатамын» атты оқу сағатын және «Кітап оқу сәнді» жобасын бастадық. Шараның мақсаты оқырман оқушыларды көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, өз оқыған шығармаларын достарымен бөлісу, оқушылар оқыған кітаптарын мазмұндай отырып достарына оқуға кеңес берді.

«Кітап оқуды ұнатамын» оқу сағатында «Мақал-мәтел сыңарын тап» жарыс сабағынан...

Мақсаты: Оқырман оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Оқу сауаттылығын қалыптастыру, оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында өз ойларын еркін айта білуге баулу. Мақал-мәтел қиындыларынан топтастырып мағынасыфын таба білу.

Оқушылардың ой-ұшқырлықтарын дамыту, жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу.

Әр өткен іс-шара фейсбук парақшасында жарияланады. 3-сынып оқушылары «Кітап оқуды ұнатамын» сағатында өз шеберліктерін яғни білімдерін жарыса отырып шыңдады.



«Кітап оқуды ұнатамын» атты оқу сағатында «Кітапты тап» әдеби джем ойынынан...

Мақсаты: Оқу сауаттылығын қалыптастыру, оқыған кітаптарынан алған

Әсерлерімен көпшілік алдында өз ойларын еркін айта білуге баулу. Әдеби джем банкісінде жасырылған шығарманың атын таба білу керек. Ақын-жазушылардың шығармаларын ойларына тоқп білу. Оқушылардың әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін арттыру. 6 «А» сынып оқушылары өз тапқырлықтарын көрсете білді.



2021 жылы Республикалық көлемде ұсынылған «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына-30 кітап» оқуға ұсынылды.

«Бір ел-бір кітап» республикалық акция бойынша

«Кітап оқу сәнді» жобасына сәйкес «Тәтті кітап» фестивалынан

2021 ж. 14.12 күні «Бір ел-бір кітап» акциясына ұсынылған «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына-30 кітап» ішінен 9-сыныптар арасында «Тәтті кітап» фестивалы ұйымдастырылды. Әр сынып берілген тапсырма бойынша, торт пісіріп бетін оқыған шығарма атауымен безендіріп, таңдаған шығармаларынан көрініс, презентация, монолог, әңгімелермен қорғап шығып озық номинацияларға ие болды.

Фейсбук парақшасында толығымен ұсынылған...



Егеменді еліміздің талағай табыстарын паш ету және жас жеткіншіктерді туған жерін, елін сүюге тәрбиелеу мақсатында, «Тәуелсіздік баға жетпес байлығым» атты тақырыпта 4-сынып оқушылары және мектебіміздің жас ақыны, сүйікті оқырманымыз

9 «В» сынып оқушысы Төрехан Нұржелді қашықтықтан виртуалды жыр шашуын арнады.

«Кітап оқу сәнді» жобасына орай М.Мақатаевтың туған күніне сәйкес «Қазақ поэзиясының-Хан тәңірі» атты ақын өлеңдерінен мәнерлеп оқу сағаты өткізілді.

Йының 24 жұлдызында ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы

Әлібек Асқаровпен «Қаламгер сыры» атты сыр-сұхбат кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқырман оқушылар жазушының шығармаларын алдын ала оқып ойларын толғандырған сұрақтарына жауап алып, автормен қызықты ой бөлісті.

I наурыз Алғыс айту күніне орай 10 «А» сынып оқушыларымен «Алғыс айту парызым» атты мектеп тазалықшы кісілеріне арналған танымдық сағат өткізілді.

Наурыз айында «Кітап оқуды ұнатамын» оқу сағатына 3 «В» сынып оқушылары «Қазыбек бидің шешендігі» атты саханалық қойылым ұсынды.

23 сәуір Халықаралық кітап және авторлық құқық күні мерекесіне орай 18.04-28.04 аралығында «Мен оқыған бір кітап» атты байқау ұйымдастырылды.



3 «Г»сынып оқушыларымен «Кітап білім бұлағы-білім өмір шырағы» атты кітапханашымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар кітапқа деген құмарлықтарын айта отырып, сынып жетекшілері ұйымдастыруымен жүрек жарды өлеңдерін арнады.


Сайыс барысында оқушылар өз шеберліктерін, ойларының ұшқырлығын көрсете білді.

8-сыныптар арасында «Бір кітап-бір сурет» атты байқау ұйымдастырылды.

Байқау барысында оқырман оқушылар авторлардың тізімінде берілген кітаптар бойынша толық оқып, сол шығарма мазмұнынан оқиганы суретпен бейнелеп айта білу тапсырмасы болды. Оқырман оқушылар берілген тапсырманы мұқият белсенділікпен орындай отырып, өз шеберліктерін көрсете білді.



**Мектеп кітапханасындағы кітап қорының
өсу деңгейі.**



Кітап қоры жақсы қалыптасқан кітапханада, әр оқу жылында оқырмандар саны артып, оқуға деген сұраныстар күшейе түсері сөзсіз. Мектеп кітапханасы оқырманның сұраныстарын толық қанағаттандыра алады. Кітап қорында жоқ материалдарды, қосымша іздену мақсатында интернет желісінен алады. Мектеп кітапханасы қазіргі заманға сай мектептің оқу тәрбие процесінің сұранымына толық жауап беруде. Электронды ақпараттану қарқынды дамыған кезеңде, кітап қоры электронды оқулықтармен әр оқу жылында толықтырылып отырады. Электронды оқулықтар пәндер бойынша сыныптарына байланысты. Сондықтан әр мұғалім сабаққа пайдалана алады.

- ❖ Оқушылар кез келген уақытта мектеп кітапханасында кітапхананың қорын пайдалана алады.
- Кітап-адам баласының ақыл-ойын сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.

Оқу үрдісіндегі ақпараттық-әдістемелік және кітапханамен

қамтамасыз етудегі мықты жақтары:

- оқушылардың кітап оқуға құмартуы;
- кітап қорының жылдан-жылға көбейуі;
- ақын-жазушыларға, мелекеттік мерекелерге және атаулы күндерге, тақырыптық виртуалды көрмелер ұйымдастырылуы;
- ұстаздар мен оқушылар бірлесе отырып, кітапхана тарапынан әдеби шығармалар оқуға қызығушылығының артуы;

Оқушыларды оқулықпен қамту 100% пайызды құрайды.

Кітапханада статистикалық есептен басқа жаңадан келіп түскен оқулықтармен жұмыс есебін жүргіземіз. Бұл есеп жүргізілген жұмысты толық суреттейді. Мектеп кітапханасының негізгі мақсаты: мәдениет пен тарихты жандандырып оны сақтау;

ұлттық мәдениетті дамыту, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Осы бағыттарда кітапханада көптеген іс-шаралар өткізілді және осы бағытта жоспарлар жасалынды.

Ұстаздар ашық сабақ өткізгенде қолданылатын кітаптарын тауып беріп, үнемі көмектесіп отырылады, әрі жаңа түскен кітаптар жайында хабарлама беріледі

Қорыта келе айтқанда кітапхана үлкен білім ордасы, оқырмандарды мазалап жүрген талай сұрақтарға жауап беретін алтын сандық болуы керек. Сол сандықты ашатын кілт білімде екенін ұмытпай, жан-жақтан көмек болса екен дейміз.